


10 АҚПАН,
2026 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№15 (23 629)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• БҮГІН – ҚАРАҒАНДЫНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Қарыштай бер, қазыналы Қарағандым!

Бүгін – қазыналы Қарағандының туған күні. Токсан екінші беле-сі. Ғасырға жуық уақыт аралығында жер жүзі таныған қаланың өткені – өнегелі, бүгіні – берекелі, келешегі – кемел! Кеншілердің астанасы атанып, өндірістің жүрегіне айналған қала ел экономикасына ертеден елеулі үлес қосып келеді.

Қарыштаған Қарағанды! Дәулеті тасып, сәулеті артқан Арқаның бас қаласы!

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі, қазыналы қаланың қатпар-қатпар тарихына шолу жасап алайық: 1934 жылғы 10 ақпанда «Қарағанды көмір бассейнін пайдалану жөніндегі мемлекеттік трест құрылысының аумағында пайда болған елдімекен» ресми түрде Қарағанды қаласы болып қайта құрылғанын көреміз. Ол кезеңде болашақ шаһар бүгінгідей біртұтас қала емес, Ескі қала, Майқұдық, Тихоновка, Жаңа Тихоновка, Компанейск, Михайловка, Федоровка, Узенка сынды шашыраңқы орналасқан жұмысшы ауылдарынан ғана тұрған еді. Алайда, уақыт талабына сай бұл елдімекендер біртіндеп, ірі индустриялық орталыққа айналды.

Қарағандының, шын мәніндегі, үлкен құрылысы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1936 жылғы 3 тамыздағы қаулысымен басталды. Осы тарихи шешімге сәйкес Қарағанды облыс орталығы мәртебесіне ие болып, қала дамуы қарқын алды. Мәскеудегі «Мособлпроект» институтының жобалаушылары – сәулетшілер А.Кузнецов, А.Карнаухов, О.Кепне және П.Шумский әзірлеген бас жоспар 1938 жылы бекітілді. Ал, 1939 жылы Қарағандыдағы Жаңа қаланың егжей-тегжейлі жоспары қаралып, мақұлданды.

Дегенмен, сол кезеңдегі қала құрылысы мінсіз болды деу қиын. Бас жоспардағы елеулі кемшіліктердің бірі – Жаңа қаланың құрылысы үшін таңдалған аумақта 500 метр тереңдікте көмір қорының орналасуы еді. Сәулетшілер қала жоспарын қағаз бетінде сызған тұста, Қарағандының нақты құрылысы Бұқпа өзенінің солтүстік-шығыс жағалауында қарқынды жүріп жатты. Өмір өз түзетуін енгізді.



Қолжазба жасаған Арайлым Коктеева

Соған қарамастан, небәрі 5-6 жылдың ішінде кең көшелері мен жасыл алаңдары, көпқабатты тұрғын үйлері, мектептері мен ауруханалары, қонақ үйлері, дүкендері, моншалары мен әкімшілік ғимараттары бар жаңа қала бой көтерді. Жол төсеу, тротуар салу, көшелерді жарықтандыру, қоғалдандыру, көріз жүйесі мен су құбырларын тарту сияқты абаттандыру жұмыстарына айрықша мән берілді.

Осы кезеңдегі қаланы құраушы негізгі

өндіріс – «Қарағандыкөмір» тресі болды. Партияның «Қарағандыны бүкіл Қазақстанмен, бүкіл Кеңес Одағымен бірге тұрғызымыз!» деген ұраны ел ішіне серпін берді. Мәскеу мен Ленинградтан, Донбасстан және өзге де өңірлерден Қарағандыға білікті инженерлер мен жұмысшы кадрлар, ғалымдар, педагогтер, медицина және мәдениет саласының мамандары ағылып келді.

1934 жылдың өзінде-ақ Қарағанды халқы 100 мыңнан асты. Жаңа қаланың же-

дел құрылысын қажетті кірпішпен Федоровкадағы кірпіш зауыты қамтамасыз етті. Жылына 20 миллион кірпіш өндірген бұл зауыттың 2005 жылдың сәуіріне дейін үздіксіз жұмыс істеуі – оның қаланың дамуындағы орнынын айқын дәлелі.

Сол жылдары 41 көппәтерлі тұрғын үйдің жедел құрылысы басталып, құрылысшылар нағыз еңбек ерлігінің үлгісін көрсетті. 8 сағаттық жұмыс күнінде жоспарланған 10 620 кірпіштің орнына 25 300 кірпіш қа-

лап, рекордтық нәтижеге қол жеткізілді. Ал, 1934 жылғы 7 қарашада «Союзстройгели» ұйымы 42 тұрғын үйді және тәулігіне 15 мың адамды ыстық тамақпен қамтамасыз ететін зауыт-асхананы пайдалануға берді.

Қазіргі Қарағанды – өндіріс пен инновация қатар дамыған өңір. Құрылыс саласы қарқын алып, жаңа шағынаудандар бой көтеруде. Қала күн сайын жаңарып, тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыруға бағытталған жобалар жүзеге асуда.

Осы орайда шаһардың алдағы дамуын айқындайтын 2040 жылға дейінгі Бас жоспар қаланың ертеңіне арналған нақты бағдар деуге болады.

– Құжатта аумақтық даму, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым, көлік жүйесі мен экологиялық шешімдердің негізгі қағидаттары қамтылған. Жоспарға сәйкес, қала аумағы Көкпекті кенті мен «Сарыарқа» әуежайын қосу арқылы 50 мың гектарға дейін ұлғайып, халқы 614 мың адамға дейін артады. Өсудің басты бағыты – Солтүстік-Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс аудандары арасындағы Көгілдір тоғандар аумағы. Мұнда Триатлон-парк пен «Карат» ипподромын біріктіретін, 25-30 мың тұрғынға арналған жаңа шағынаудан бой көтермек. Қала көлігін дамыту үшін жаңа магистральдар, жеті жол айрығы және тоғыз жол өтпесі салынады. Сонымен қатар, 300 шақырым велосипед жолы, орталық өнеркәсіптік аймақты сауда-кеңсе ауданына айналдыру, жаңа қосалқы электр станциялар мен ТЭЦ-4 құрылысы жоспарланған. Әлеуметтік сала да назардан тыс қалмайды: 36 жаңа мектеп, 44 балабақша, 10 денсаулық сақтау және 10 сауықтыру орталығы салынады, ал қаланың жасыл келбетін сақтау үшін жаңа саябақтар мен гүлбақтар ашылады. Бұл Бас жоспар – Қарағандының болашағына сенімді қадам, жаңа серпіннің нышаны, – дейді қала әкімі Мейрам Кожухов.

Ғасырға жуық тарихында Қарағанды талай кезеңді бастан өткерді. Бүгінгі таңда ол – болашағын нақты жоспармен айқындап отырған, дамуға бағыт алған қала.

«Мұның бәрі сөзбен айтсаң – тыныштық көзбен көрсен?»

О, түсінем, түсінем:

Қарағанды қайнап жатыр, бір ыстық,

бір керемет жүректердің күшімен...»,

деп жырлаған жоқ па өлеңнің өзі Жұмекен Нәжімеден! Жыр жүйірігі Жұмекен жырлаған қайнаған, жайнаған Қарағанды, қарыштай бер!

• ӘЛЕУМЕТ

Еңбек етемін дегенге екінші тыныс

Қашанда еңбекке жарамдылықтың өлшемі жаспен емес, тәжірибемен, жауапкершілікпен және ниетпен бағаланбақ. Уақыт озған сайын бұл ұстанымның мәні де тереңдей түсуде. Қазіргі қоғамға өмірдің талай өткелектерінен өткен, еңбекке қауқары бар байыпты жандар да қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі өз Жолдауларында аға буының әлеуетін тиімді пайдалану, тәжірибені тасада қалдырмау әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты екенін жиі атап өтіп келеді. Еңбекке қабілеті бар жанды жасына қарап шеттетпей, керісінше толымды тәжірибесін кәдеге жарата білген орта ғана өркеніеттің өріне шығады. Ал, мұндай бастамалар әлеуметтік қолдаудың пәрменді тетігі болумен қатар, кадр тапшылығы сезіліп отырған салалар үшін де уақыт талабынан туған ұтымды шешімге ұласпақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыспен қамтитын жоба

Бүгінде зейнет жасындағы және зейнет жасына жақындап қалған азаматтарды жұмыспен қамту екі негізгі жоба арқылы жүзеге асырылып отыр. Оның бірі – 50 жастан асқан азаматтарға арналған «Күміс жас» бағдарламасы болса, екіншісі – зейнеткерлерге бағытталған «Алтын жас» жобасы. Бұл бастамалар еңбек етуге қауқары бар азаматтарды еңбек нарығынан тыс қалдырмай, олардың әлеуетін қайта іске қосуға мүмкіндік беріп отыр.

– «Күміс жас» бағдарламасы арқылы соңғы төрт жылда 4 725 адам еңбекке тартылды. Жоба үш жылға есептелген. Алғашқы жылы жұмыс берушіге қызметкер жалақысының 70 пайызына дейін, екінші жылы – 65 пайызы, үшінші жылы 60 пайызы мемлекет тарапынан субсидия-

яланады. Бағдарлама мерзімі аяқталған соң, жұмыс беруші қызметкерді зейнет жасына дейін тұрақты жұмысқа қабылдауға міндетті. Ал, 2024 жылдан бері жүзеге асырыла бастаған «Алтын жас» жобасы зейнетке шыққан азаматтардың да жұмыстан шет қалмауына жол ашты. Қазіргі таңда бұл жоба аясында 470-тен астам адам жұмыс істеп жүр. Биыл өңірде тағы 600 зейнеткерді жұмыспен қамту жоспарланған. Жоба екі жылға арналған, бұл кезеңде белгіленген жалақының 50 пайызы, бірақ, ең төменгі жалақыдан аспайтын мөлшерде, мемлекеттік субсидия есебінен өтеледі, – деді «Еңбек» мобильді орталығы директорының орынбасары Дәурен Қошқаралиев.

Мансап орталығының мәліметінше, аталған жобаларға қатысуға ниетті азаматтар да, оларды жұмысқа алуға дайын жұмыс берушілер де аз емес. Себебі еңбек нарығында тәжірибелі мұғалімдерге, медицина қызметкерлеріне, өндіріс пен қы-



змет көрсету саласындағы білікті жұмысшы мамандарға сұраныс әлі де жоғары.

Талап – тәжірибе

Әлбетте, аталған жобалардың өміршендігі тәжірибелі мамандардың еселі еңбегімен өлшенеді. Мәселен, «Harry kids» қосымша білім беру орталығында «Алтын жас» жобасы бойынша білім беретін білікті ұстаз Хадиша Жақаева зейнетке шыққан соң да еңбектен қол үзбеген.

– Зейнетке шыққан соң бірден құр қол қусырып отырғанды жөн көрмедім. Өзімді әлі де қоғамға қажет сезінемін. Ұзақ жылдар мектепте жұмыс істеген соң, бала-

лармен тіл табысу мен үшін қиын емес. Керісінше, кішкентай бүлдіршіндермен жұмыс істеу арқылы көңілім жайланады, – дейді ол.

Денсаулық сақтау саласында да ұзақ жылғы тәжірибе – талаптан тысқары емесі кәдік. Мұны 2019 жылдан бері халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан «MEDITSINA ORTALYGY SAT» клиникалық орталығының күнделікті жұмысынан аңғара аламыз. Аптаның барлық күнінде тоқтаусыз қызмет көрсететін медициналық мекемеде ем алушылар легі бір сәтке де толастаған емес.

➤ 3-бет

DIGITAL
KAZAKHSTAN

Смарт-сағат денсаулық сақшысы

Қазақстанда азаматтардың денсаулық көрсеткіштерін қашықтан бақылауға мүмкіндік беретін цифрлық сервистер кезең-кезеңімен енгізілуде. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Samsung smart-сағаттары арқылы электрокардиограмма жазу және қан қысымын өлшеу функцияларын қолдануға рұқсат берілетінін хабарлады.

Министрліктің мәліметінше, бұл мүмкіндіктер биылдан бастап қолданысқа енгізіледі. Аталған функциялар жүрек-қан тамырлары жүйесінің жағдайын бақылауға бағытталған және азаматтарға өз денсаулығын жүйелі түрде қадағалауға көмектеседі.

Сонымен қатар, ведомство smart-құрылғылар арқылы алынған деректердің ақпараттық және қосымша сипатта ғана екенін атап өтті. Олар медициналық диагноз қоюға, ем тағайындауға немесе емдеу тактикасын өзгертуге негіз бола алмайды. Мұндай шешімдер тек дәрігердің тексеруі мен кәсіби медициналық қорытындысы негізінде қабылдануы тиіс.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 583.22

•USD/KZT 494.63

•RUB/KZT 6.42

•CNY/KZT 71.28

Қазақстан Ұлттық Банкінің
9 ақпан, 2026 жылғы дерегі бойынша

Көлік кептелісінен ғылым құтқарады



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды агломерациясының көлік жүйесін 2030 жылға дейін жаңғыртуға бағытталған кешенді ғылыми жоспар әзірленді. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары алғаш рет өңірлік көлік инфрақұрылымын ғылыми тұрғыдан зерттеп, жол жүктемесін азайтуға, қоғамдық көліктің тиімділігін арттыруға және тұрғындардың қозғалыс мүмкіндігін жақсартуға арналған 50-ден астам нақты ұсыныс жасады.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жоба тек көлік қозғалысын реттеуді ғана емес, бүкіл агломерациядағы қалалық ортаның сапасын арттыруды көздейді. Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран және Абай қалаларын біртұтас көлік жүйесіне біріктіру – жоспардың басты мақсаты.

Облыс әкімдігінде өткен кеңесте Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың «STU-ENGINEERING» ғылыми-техникалық орталығының директоры, техника ғылымдарының кандидаты Оюм Балабаев өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевқа көлік жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын таныстырды.

– Біздің агломерация алғаш рет кешенді ғылыми зерттеуден өтті. Тұрғындардың қозғалыс мүмкіндіктерін жақсартуға бағытталған нақты шаралар ұсынылып отыр. Агломерацияның құрылымы күрделі – шағын аудандардың бір-бірінен алшақ орналасуы көлік кептелістеріне әкеледі. Ұсынылған жобалар автокөлік жүргізушілеріне ғана емес, жаяу жүргіншілер мен қоғамдық көлік жолаушыларына да қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді, – деді Оюм Балабаев.

Зерттеу жұмысына Қарағанды техникалық университетінің ғалымдарымен қатар Сингапур мен



Өзбекстан жоғары оқу орындарының профессорлары да қатысқан. Халықаралық тәжірибені ескере отырып, жасанды интеллект элементтері бар цифрлық құралдар әзірленген.

Олардың ішінде, ең маңыздысы – Қарағанды агломерациясының көлік жүйесінің «цифрлық егізі». Бұл жүйе автожолдардың жүктемесін нақты уақыт режимінде талдауға, көлік ағындарын модельдеуге және инфрақұрылымдағы өзгерістердің әсерін алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық көліктегі жолаушылар легін бақылауға арналған цифрлық ақпараттық жүйе де ұсынылған. Ол жолаушылар санын онлайн есептеп, маршруттардың жүктемесін болжайды және жасанды интеллект арқылы қозғалыс кестесін оңтайландырады.

Теміртау қаласындағы трамвай инфрақұрылымы да – маңызды жобалардың бірі. Бұл жүйе желінің техникалық жағдайын бақылап, ақауларды ерте анықтауға, апаттық тәуекелдерді азайтуға және жөндеу жұмыстарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Жобада көлік инфрақұрылымын дамытуға қатысты нақты инженерлік шешімдер де қарастырылған. Олардың қатарында жылдам автобус көлігін (BRT) енгізу, қала маңы теміржол қатынасын дамыту, велосипед жолдарын кеңейту және жаңа көлік айырықтарын салу бар. Бұл жобаларды іске асыру мерзімін 2040 жылдан 2030 жылға дейін қысқарту ұсынылған.

Қалалық ортаның жайлылығын арттыру үшін баламалы энергия көздерімен жұмыс істейтін жылы аялдамалар орнату, Бұқар жырау мен Молоков көшелерінің қиылысында эскалаторлар мен демалыс аймақтары бар жерүсті жаяу жүргіншілер өткелін салу, сондай-ақ, лазерлік жаяу жүргіншілер өткелдерін енгізу жоспарланған.

Цифрландыру бағытындағы шешімдер Сингапурдың көлік жүйесін басқару тәжірибесіне негізделген. Бұл елде көлік қозғалысын реттейтін бірыңғай цифрлық жүйе маршруттарды, бағдаршамдарды және жолаушылар ағындарын жасанды интеллект көмегімен үйлестіреді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ұсынылған жобалардың маңызын атап өтті.

– Веложол инфрақұрылымын дамыту мен мобильділікке қатысты заманауи тәсілдерді енгізу – өзекті бағыт. Көше-жол желісін жоспарлау кезінде тұрғындардың қажеттіліктері мен аумақтың ерекшеліктерін ескеру қажет. Мұндай жобалар жүйелі талдауды және кезең-кезеңімен іске асыруды талап етеді, – деді өңір басшысы.

Сарапшылардың пікірінше, ғылыми негізде әзірленген бұл жоспар Қарағанды агломерациясының көлік жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ең бастысы – қалалар арасындағы байланыс жеңілдеп, тұрғындардың қозғалысы қауіпсіз әрі ыңғайлы болмақ.

Көлік инфрақұрылымын цифрландыру – урбанистиканың жаңа кезеңіне қадам. Қарағанды агломерациясы үшін бұл тек жол салу емес, адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған стратегиялық өзгеріс.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Бағдарлама басымдықтары

Облыста ауыл кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасын 2026 жылы іске асырудың негізгі басымдықтары талқыланды. Агроөнеркәсіптік кешенді жеңілдетілген несиелеу мәселелері қаралған семинар өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңында өтті.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шараға «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының өкілдері және бизнес-қоғамдастық мүшелері қатысты.

Жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайызды құрайтын «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытудың тиімді қаржы құралдарының бірі ретінде өз маңызын сақтап отыр. Бағдарлама ауыл тұрғындарына өз ісін бастауға немесе кеңейтуге

қолжетімді несиелеу алуға мүмкіндік береді.

«Сарыарқа» ӘКК» АҚ тәуекел-менеджері Әсет Ертісбаевтың айтуынша, 2023 жылы бағдарлама аясында 3,4 млрд теңге көлемінде қаржы бөлініп, 464 несиелеу берілген. Ал, 2025 жылы ауыл кәсіпкерлерін қолдауға қосымша 2 млрд теңге бағытталды. Бағдарламаға қатысу белсенділігі бойынша Қарқаралы, Ақтоғай және Бұқар жырау аудандары алдыңғы қатардан көрінген. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне салынған инвестиция көлемінің артқаны да байқалады.

2026 жылға арналған негізгі қаржыландыру кезеңі сәуір айына жоспарланып отыр. Қазіргі таңда бірқатар жобалар ұсынылған.

Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Берік Токмырзиннің айтуынша, алдағы кезеңде қаржыландырудың басым бағыттары ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, ауылдық сервистік қызметтер және туризм салалары белгіленген. Сондай-ақ, моноқалалардағы кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте сауда-саттық қызметіне, жеңіл автокөліктер сатып



алуға немесе жақын туыстардан мал алуға несиелеу қарастырылмайды. Қаржыландырылатын техника мен жабдықтардың барлығы жаңа болуы тиіс.

Бағдарлама шеңберінде жобалардың экономикалық тиімділігіне, тұрақты жұмыс орындарын құру әлеуетіне және жергілікті нарықты сапалы өніммен қамту мүмкіндігіне баса мән берілетіні атап өтілді. Бұл талаптар ауылдық жерлердегі бизнестің ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Кездесу барысында кәсіпкерлер кепіл мүлкінің жеткіліксіздігі мәселесін көтерді. Осыған байланысты қатысушыларға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы кепілдендіру мүмкіндігі бар екені таныстырылды. Аталған қор несиелеу сомасының 85 пайызына дейін кепілдік бере алады.

Семинар қорытындысы бойынша қосымша практикалық оқыту шарасын өткізу жөнінде шешім қабылданды. Онда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне несиелеу алуға қажетті құжаттарды әзірлеу бойынша нақты көмек көрсетілмек. Кеңес беру қызметтері Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының барлық аудандық филиалдарында қолжетімді екенін айта кеткен жөн.

Сурет облыс
әкімдігінің сайтынан

• КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Тұрақтылық пен қауіпсіздік тірегі

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын жариялады. Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Онда ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік беріліп, діни белгі бойынша кемсітудің кез келген түріне тікелей тыйым салынған. Сонымен қатар, жаңа мәтінде мемлекеттің зайырлы сипаты айқын әрі біртұтас түрде бекітілген.

Айрықша атап өткім келетіні – зайырлылықтың дінге қарсы ұстаным еместігі. Ол – Қазақстан сияқты көпэтносты және көпконфессиялы қоғамда азаматтық келісім мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі факторы. Зайырлылық дегеніміз – мемлекет пен діни ұйымдардың әртүрлі құқықтық алаңдарда әрекет етуі. Діни бірлестіктер өздерінің сенімділік тәжірибелерін еркін жүзеге асыруға құқылы. Алайда, өз мәртебесін мемлекеттік институттарға немесе саяси үдерістерге ықпал ету үшін пайдалануға құқығы жоқ. Бұл қағидат елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, қолданылып келеді.

Зайырлылық политникалық және көпконфессиялы мемлекеттегі қоғамдық келісімнің нысаны ретінде көрініс табады. Мемлекет діни ілімдердің ішкі мәселелеріне араласпайды, ал, діни ұйымдар мемлекеттік басқаруға және саяси күреске қатыспайды. Осындай нақты шекаралар биліктің конфессиялануына, діннің саясилануына және діни негіздегі қақтығыстардың туындауына жол бермейді.

Жаңа Конституция жобасында бұл қағидат мазмұндық тұрғыдан күшейтілген. 7-баптың 1-тармағында «дін мемлекеттен бөлінген» деп тікелей бекітілген. 2-тармақта Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылатыны және конституциялық құрылымның негіздерін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік қағидаларын қамтамасыз ету мақсатында шектелуі мүмкін екені нақты көрсетілген.

Қарағанды облысы үшін бұл мәселе ерекше маңызға ие. Өңір тарихи тұрғыдан жоғары полиэтникалық пен конфессиялық әртүрлілік кеңістігі ретінде қалыптасқан. Мұнда ислам, православие, католицизм, түрлі протестанттық бағыттар және өзге де діни дәстүрлер өкілдік етеді. Соған қарамастан, облыстағы діни ахуал жалпы алғанда тұрақты күйде сақталуда. Бұл – мемлекеттің жүйелі саясатының, құқықтық реттеудің және діни бірлестіктермен жолға қойылған диалогтың нәтижесі.

Қарағанды облысының Діни бірлестіктер клубы мемлекет пен діни қауымдастықтардың өзара іс-қимыл жасайтын практикалық алаңы ретінде қызмет атқарып, әлеуметтік жаңғырту мәселелерін талқылауға және конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал етуде. Маңыздысы – тұрақтылық дегеніміз діниен ат тоны ала қашу емес, керісінше, қыр-сыры көп, нәзік мәселелерді жанжалсыз, сараптамалық форматта талқылауға мүмкіндік беретін нақты ережелердің, институционалдық шектердің және коммуникация арналарының болуы.

Мемлекет пен діни институттардың функцияларын бөлу азаматтарды діни көзқарастарды мәжбүрлеп таңудан құқықтық қорғауды, дінді ұстану бостандығын, соның ішінде, дінді ұстанбау құқығын, діни құрылымдардың мемлекеттік басқаруға араласуынсыз қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етеді. Бұл әртүрлі діни дәстүрлер бір әлеуметтік және мәдени кеңістікте қатар өмір сүретін Қарағанды облысы сияқты өңірлер үшін аса маңызды.

Діни сенім бостандығын абсолютті емес екендігін дұрыс түсінген жөн. Елімізде діни ұйымдардың қызметі қатаң түрде құқықтық өрісте жүзеге асырылады және егер ол конституциялық құрылымның негіздеріне, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоғамдық



тәртіпке қауіп төндірсе, заңмен шектелуі мүмкін. Бұл шаралар репрессивті емес, қорғаныш сипатқа ие һәм діни қызмет атын жамылған экстремизмнің, радикалданудың және деструктивті тәжірибелердің алдын алуға бағытталған.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда бүкіл әлемде діни радикалданудың жаңа толқыны басталды. Бұл үдеріс біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Өңімізге діни мемлекет пен қоғамға қарсы қоятын, зайырлы заңды жоққа шығаруға шақыратын, өз тобының «ерекшелігін» дәріптейтін псевдодіни интерпретациялар туралы болып отыр. Мұндай ағымдар, әсіресе, жастар арасында әлеуметтік осалдықты, әділетсіздік сезімін және тұлғалық сәйкестік дағдарысын белсенді пайдаланады.

Облысымыз үшін де, жалпы, еліміз үшін де бұл қауіптер абстрактілі емес, нақты практикалық сипатқа ие. Деструктивті нарративтер негізінен бейресми арналар арқылы – интернет-платформаларда, жабық топтарда, шетелден басқарылатын жалған ағартушылық форматтарда таралады. Сондықтан, алдын алу шаралары тек тыйым салумен шектелмеуі тиіс.

Алдын алудың негізгі элементтерінің бірі – қоғамда тұрақты имунитет қалыптастыру. Бұл ретте дінді мемлекеттен бөлу және ұйымдардың қызметін конституциялық құрылымның негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын, ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік құндылықтарын қорғау мақсатында шектеу аса маңызды. Әсіресе, ар-ождан және діни сенім бостандығы жамылғысының астында белгілі бір топтың «ерекшелігі» туралы идеялар қоғамға енгізілетін жағдайларда бұл өзектілігін арттыра түседі.

Діни сәйкестік саяси өкілдікке айналмауы тиіс, ал, барлық бастамалар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары аясында ғана қарастырылуы қажет.

Қорытындылай келе, зайырлы мемлекет, дін саласын құқықтық реттеу және деструктивті нарративтердің жүйелі профилактикасы ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылықтың біртұтас моделінің құрамдас бөліктері екенін атап өткім келеді. Біздің міндетіміз – тұрақтылықты сақтай отырып, себеп-салдарымен жұмыс істей отырып, қауіп-қатерлердің алдын алу.

Діни сенім бостандығы мен мемлекеттің зайырлы сипаты – бір-біріне қарсы ұғымдар емес, керісінше, азаматтық қоғамның орнықты дамуының құқықтық негізі. Қазіргі заманның барлық сын-қатерлерін ескере отырып, экстремизмнің алдын алу ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды облысының
Азаматтық альянсының
төрағасы, Қарағанды
облысының Діни бірлестіктер
клубының модераторы,
Қарағанды облысы ҚХА
медиация кеңесінің
төрағасы, «Қазақстанның
контртеррористік комитеті»
РҚБ Қарағанды облыстық
филиалының басшысы

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Ел жастарға сенеді

Жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісінде әлем бойынша 2005 жылы Будапештте өткен Еропалық сайлауды ұйымдастырушылар Қауымдастығының Бас конференциясында белгіленген және Біріккен Ұлттар ұйымы қолдаған Дүниежүзілік сайлау күні атап өтіледі. Осыған байланысты Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалында облыстық сайлау комиссиясы жанындағы жас сайлаушылар клубының мүшелері мен студенттер «Табысқа бірге» диалог алаңында пікір алмасты.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған іс-шараға облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркенов пен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстағы филиалының директоры, Қарағанды облысының қоғамдық кеңесінің төрағасы Серікжан Байбосынов қатысты. Сонымен қатар, №110 учаскелік сайлау комиссиясының төрайымы Гүлжахан Ибадуллаева мен №169 учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы Айнуір Айтышева сайлаудың ашықтығы жайында сөз қозғады.

– Биыл облыстың барлық өңірлерінде Дүниежүзілік сайлау күнімен орай 26 маңызды іс-шара өткізілді. Оған өңір бойынша 1200-ден астам адам қатысқан көрінеді. Ал, солардың 955-і –



жастар. Айта кетейік, іс-шаралар түрлі форматта өткізілген. Біздің өңірде референдумға дайындық жұмыстарын бастап кетті. Жалпы, өңірде 5000-нан астам сайлау комиссиясының мүшелері бар. Әр өңірде аумақтық комиссия жұмыс істейді. Сонымен қатар, 637 учаскелік комиссия бар. Жалпы, біздің негізгі мақсат – сайлауға жастарды тарту. Осыған байланысты әр қала, ауданда жас сайлаушылар клубы жасақталған. Былтырдан бастап өз жұмысын жасап жатыр, – деді Қайрат Нұркенов.

Серікжан Байбосынов болса, мұндай кездесулердің жастар үшін аса маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, жастар арасында сайлауға алғаш рет қатысуға дайындалып жүргендер аз емес. Осыған байланысты аталған іс-шара жастарға сайлау үдерісіне қатысты қажетті әрі маңызды ақпарат беруге бағытталғандығын баса айтты.

– Демократиялық зайырлы мемлекет ретінде біз көптеген үдерістерді демократия талаптарына сай өзгертіп отырмыз. Бұрын тағайындалатын ауыл, аудан әкімдері мен депутаттар қазір сайлау арқылы тандалады. Осы орайда азаматтар саяси өмірге қызығушылық танытып, өз белсенділіктерін көрсетіп жатыр. Оған себеп, V Құрылтайда Президентіміз Парламенттік реформаға толыққанды кірісуге тапсырма берген болатын. Соның аясында Конституцияға тиісті өзгерістер енгізу қажеттігін айтты. Соған байланысты Конституцияның 84%-ы жаңарып, жаңа Конституцияны қабылдау туралы шешім қабылданды, – деді Серікжан Байбосынов.

Кездесу барасында сайлау процесін тікелей кәсіби деңгейде ұйымдастыратын мамандар да болады. Солардың қатарында Гүлжахан Сүлейменқызы да бар.

– Сайлау – халықтың өз


пікірін білдірудің ең тиімді құралдарының бірі. Жас сайлаушылар клубы жастарды осы маңызды саяси іс-шараға дайындауда үлкен рөл атқарады. Клуб мүшелері тәжірибелі сайлау учаскелерінің қызметкерлерімен, басқа да жауапты мамандармен кездесулер өткізу арқылы өз білімдерін тереңдетпек. Әрі мемлекеттік процестерге қатысуға деген көзқарасын кеңейте алады, – деді Қарағанды қаласы №110 сайлау учаскесінің төрағасы Гүлжахан Ибадуллаева.

Жыын барысында әділ әрі ашық сайлауды қамтамасыз ету, әрбір азаматтың сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына жағдай жасау мәселелері кенінен талқыланды. Сондай-ақ, жастар өз саласының білікті мамандарына сайлау үдерісіне қатысты көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

Суретті түсірген автор

Нұрмаил Шаяғзамұлы ШАЕКИН

Арканың арда азаматы, Еңбек ардагері Нұрмаил Шаяғзамұлы Шаекин 2026 жылдың 9 ақпанында, 90 жасқа қараған шағында өмірден өтті.



Нұрмаил Шаяғзамұлы 1936 жылы 1 наурызда Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Томар ауылында дүниеге келді. 1958 жылы Қарқаралы қазақ орта мектебін бітірген. 1963 жылы Қарағанды политехникалық институтын «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша аяқтап, құрылыс инженері мамандығын игерді.

1963 жылы Бәтима Қуандыққызымен отау көтеріп, шаңырақ құрды. Төрт құбыласын түгел қылған төрт ұлын өсіріп, оларды тәрбиелеп, азамат болып қалыптасуларына зор еңбек сіңірді. Ұлдары бүгінде білікті маман, өнегелі әке атанып, әрқайсысы өз отбасын құрып, ұрпақ өрбігіп отыр.

Жоғары оқу орнын үздік тәмамдаған Нұрмаил Шаяғзамұлы Қарағанды политехникалық институтында оқытушылық қызметке қабылданып, білім мен ғылым жолында еңбек сіңірді. 1968 жылы Мәскеу қаласындағы В.Куйбышев атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді инженер-құрылыс институтының аспирантурасына жолдама алып, 1971 жылы оны табысты аяқтады.

Кейін еңбек жолын Қарағанды политехникалық институтында жалғастырып, жастарға сапалы білім мен тәлім-тәрбие берді. Зейнеткерлікке шыққанға дейін өңірдегі ірі кәсіпорындарда өз мамандығы бойынша абыройлы қызмет атқарды.

Нұрмаил Шаяғзамұлы 1996 жылы құрметті демалысқа, зейнетке шықты.

Елеулі ердің жарқын бейнесі жақындарының, шәкірттері мен әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық ардагерлер кеңестері, туған-туыстары

№60

Орталық Қазақстан академиясының ректораты мен профессор-оқытушылар құрамы заң ғылымдарының кандидаты, профессор Шайменов Есентай Қайыпұлына және барлық туған-туыстары мен жақындарына орны толмас ауыр қайғы – ұлы **Ануар Есентайұлы ШАЙМЕНОВТІҢ** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№ 19

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Цифрлық сауаттылық апталығы басталды

Облыс аумағындағы мектептерде компьютерлік және цифрлық сауаттылық апталығы өтіп жатыр. Апталық аясында оқушылар үшін мазмұны бай әрі ауқымды бағдарлама әзірленген.

Шаралар барысында мектеп оқушылары код жазудың негіздерімен танысып, жасанды интеллект технологияларымен жұмыс істеуді үйренеді. Сонымен қатар, роботтехникасы бойынша жарыстар, интерактивті сабақтар, шеберлік сыныптары және тақырыптық фестивальдар ұйымдастырылады. Апталықтың ашылуы заманауи Digital Check-in форматында ұйымдастырылып, қатысушылар QR-кодтар арқылы тіркеуден өтті. Ашылу күні аясында «Ақылды үзіліс» жобасы іске асырылып, киберқауіпсіздікке арналған интерактивті іс-шаралар өткізілді.

Апта бойы мектеп оқушыларын цифрлық дизайн бойынша байқаулар, жасанды

интеллект зертханалары, инфографика жасауға арналған интенсив сабақтар, және «Цифрлық блогер» атты фестиваль күтіп тұр. Бағдарлама оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдап, ақпараттық технологияларды тиімді әрі қауіпсіз қолдануға үйретуге бағытталған.

Апталық аясында инновациялар мен роботтехникаға арналған арнайы күн жоспарланған. Бұл күні оқушылар үшін технологиялық бағыттағы бірқатар танымдық және тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Бағдарлама аясында «Роботтар шеруі» атты көрме өтіп, қатысушылар роботтехникасындағы заманауи жетістіктермен танысады.

Өз тілішімізден

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Топарлықтар спортпен тұрақты айналысады

Абай ауданының Топар кентінде өткен жылы салынып, пайдалануға берілген жаңа Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жергілікті тұрғындар спортпен тұрақты түрде шұғылданады.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін мұнда ондай мүмкіндік болмай, спорт секциялары мен жарыстары мектептер мен Мәдениет үйінің спорт залдарында өткізіліп келген. Енді жаңа кешен ашылғалы топарлықтар сонда барып жаттығып, денелерін шынықтырып, түрлі деңгейдегі спорт сайыстарын тамашалайтын болды.

– Біздің кешенге келушілердің спортпен жүйелі айналысуына барлық жағдай жасалған, – дейді аталған кешеннің меңгерушісі Ғалия Мәлікқызы.

– Жаттығу бөлмелері мен залдары қажетті спорт құрал-жабдықтарымен толық жарақатандырылған. Арнайы дәрігерлік бөлмеде 2 медбике жұмыс істесе, жаттықтырушылар құрамының бәрінде жоғары педагогикалық денешынықтыру мамандығы

мен тиісті еңбек өтілдері бар. Тіпті, олардың бірқатары облыстық, республикалық төрешілер қатарына кіреді.

Топардағы Дене шынықтыру-сауықтыру кешені апта бойы таңғы 6-дан түнгі сағат 23-ке дейін жұмыс істеп, осында ашылған 8 спорт секциясына 100-ден аса адам келіп қатысады екен. Бұлардың арасында ересектер мен балалар да, ардагерлер мен мүгедектер де бар. Атап айтқанда, волейбол секциясына 40, баскетболға 18, қазақша күреске 15, үстел теннисіне 5, шаңғымен сырғанауға 11, спорттық гимнастикаға 12, каратэге 20 адам жазылса, солардың дені мектеп оқушылары. Ал «Денсаулық тобы» әйелдерге арналған. Соның ішінде жас жеткіншектердің волейболға құмарлығы ересен. Бұл секцияны бір жылдан бері білікті маман Бақытжан Келгенбек үзбей жаттықтырып,



осында қатысатын 40 баланың сол уақыт ішіндегі жетістіктері ауыз толтырарлықтай. Мәселен, ұлдардың волейбол командасы 2025 жылы облыс чемпионы атанып, Іргебай Асанәлі, Мансұр Айтмұқашев, Ертай Ақарыс, Тұрсынбай Мәди облыс құрама

командасының құрамына қабылданыпты. Ал, қыздардан Камила Әшірова да осы құрамға енген. Өйткені, олардың қыздар командасы өткен жылы республикалық «Ақ бидай» ойындарында волейболдан 2-ші орын алып, Камила сол ойында көзге түскен.

– Енді 2014-2015 жылы туған қыздардың командасын алдағы наурыз айында өтетін облыс чемпионатына дайындап жатырмын, – дейді жаттықтырушы Бақытжан.

Айтқандай, бұл спорт кешені сан дүбірлі бәсекенің ордасы-

на айналып отыр. Яғни осы бір жылдың ішінде мұнда волейболдан республикалық 2, облыстық 1 чемпионат, 1 жолдастық кездесу, баскетболдан 1 республикалық, 1 облыстық жарыс, грек-рим күресінен 1 облыстық чемпионат, аудандық деңгейдегі түрлі спорт сайыстары өткізілген.

Сонымен, жергілікті тұрғындар арасында саламатты өмір салтын қалыптастырып, үлкен спорт ошағына айналып келе жатқан кешеннің есігі келем деушілерге қашанда ашық көрінеді.

– Бізге келіп, дене шынықтырып, спортпен шұғылдану мектеп оқушылары мен ардагерлер, 1,2-топтағы мүгедектер үшін тегін болса, студенттер мен зейнеткерлерге 50 пайыз жеңілдік жасалады, – деп қорытындылады сөзін кешен басшысы Ғалия Мәлікқызы.

Абай ауданы

Сурет автордан

• МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

Байқадамдағы ән байқауы

Бұқар жырау ауданының Байқадам ауылдық клубында қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Аққу қанатына жазылған жыр» атты аймақтық ән байқауы өткізілді.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауылдық клуб пен кітапхана ұжымы бірлесіп ұйымдастырған бұл байқауға облыс аудандары мен Қарағанды қаласынан 13 әнші қатысып, Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндерді орындап, сахналық мәдениеті мен орындаушылық шеберліктерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Сайыстың қазылар құрамына кірген Бұқар жырау аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Мейіран Нұрланұлы мен Республикалық байқаулардың лауреаты, Руханият қосымша білім беру орталығының ұстазы Саян Бөдес, аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Ернат Әбутаев, аудандық Мәдениет үйі «Зерде» бейнемобилиінің әншісі Бригад Сембек олардың өнерлерін бағалап, жеңімпаздарды анықтады.

Байқау қорытындысы бойынша осы Байқадам ауылының өнерпазы Рахат Нұрғиса «Қазағым-ай» әнін орындап, I орынға ие болып, диплом мен ақшалай сыйлықты иеленді. Ал, екінші дәрежелі диплом мен ақшалай сыйлық алған ауданның Абдел ауылының әншісі Аружан Изатова орындаған «Айтатын саған сырым бұл» әні де тыңдармандар жүрегіне жол тапты. Келесі III орынның дипломы мен ақшалай сыйлығы Ақтоғай ауданының өнер-

пазы Нұрғазы Нұрғанибетке «Сәби болғым келеді» әнін тамылжыта айтқаны үшін берілді.

Сонымен қатар, байқауға белсене қатысқан аудан ауылдық округтерінің өнерпаздары Өзгеріс Хасенхан, Гүлзат Баймышева, Ардак Елібаев, Софья Айтжанова, Мақсат Мазанов, Салтанат Сүлешова, Сабыржан Уәлиев пен Нұржанар Байытқызы және Жаңа Майкұдық Мәдениет үйінің қызметкері Тұрсынбай Марден де Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Осы іс-шара аясында Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырман-Ернат Әбутаев, аудандық Мәдениет үйінің қызметкері Тұрсынбай Марден де Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Осы іс-шара аясында Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырман-Ернат Әбутаев, аудандық Мәдениет үйінің қызметкері Тұрсынбай Марден де Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ШАҢҒЫ

Шақырымдарды шаңғымен бағындырды

Қарқаралылықтар жуырда «Қыс мерекесін» жоғары деңгейде өткізсе, бұл жолы шаңғы спортынан V ашық марафон ұйымдастырды. Биыл бесінші мәрте өткеніне қарамастан, бұл жарысқа деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Атап айтқанда, биыл марафонға Астана, Көкшетау, Павлодар және Қарағанды қаласынан арнайы келіп қатысқандар болды. Сонымен қатар, ауданның түпкір-түпкірінен 50-ге жуық шаңғышы бақ сынады. Марафонның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Нұржан Ілияш пен аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ербол Иксанов қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марафонда қашықтықтар жас санатына қарай белгіленді. Атап айтсақ, оқушы қыздар үшін – бес шақырым, оқушы ұлдар үшін – 10 шақырым. Ал, ересек қыздар үшін меже – 15 шақырым болса, ерлер 30 шақырым қашықтықты бағындырды.

Қарқаралыда өтетін спорттық бәсекелерде Корнукийлер әулетінің есімі жиі аталады. Бұл отбасы мұндай жарыстардан ешқашан қалыс қалған емес. Әулет отағасы Михаил Корнукий турнир өтетіні туралы ақпарат тараған сәттен бастап-ақ дайындықты ерте бастаған. Шаңғысын сайлап, жаттығуды күшейткен. Бұған дейін ол Бұғылы марафонына қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінген. Өзі бос уақытында шаңғы теуіп, табиғат аясында серуендегенді ұнататын көрінеді. Әрі саламатты өмір салтын отбасының басты қағидасына айналдырып, балаларын да кішкентай-



ынан спортқа баулыған. Соның нәтижесінде бүгінде ұлы Кирилл оқушы ұлдар арасындағы бәсекеде мәре сызығын екінші болып кессе, қызы Ангелина оқушы қыздар арасындағы сайыста топ жарған.

— Қысқы спортты насихаттау мақсатында Қарқаралыда мұндай шаңғы турнирлерінің жиі ұйымда-

стырылып жатқаны қуантады. Бұл – халық үшін аса қажет әрі пайдалы бастама. Ең бастысы, балалардың бос уақыты тиімді өтіп, олардың назары теріс әдеттерге емес, спортқа ауады. Жалпы, шаңғы спорты – денсаулыққа өте пайдалы. Сондықтан, балаларымды кішкентайынан осы спорт түріне

баулыдым. Көңіл күй керемет. Жыл сайын қатысушылар саны артып, бәсекелестік те күшейіп келеді. Өз басым аудан көлемінде өтетін мұндай турнирлерден қалыс қалған емеспін. Бұл жолы да отбасымызбен қатысып, жүлдемен оралып отырмыз, – деді Михаил Корнукий.

№44 мектептің оқушысы Әділхан Нұрлыбай мұндай спорттық турнирлерге жыл сайын қатысатын көрінеді. Биыл да дәстүрден жаңылмай, шаңғыдан өткен ашық марафонда бақ сынап отыр.

— Шаңғыдан өткен турнирлерге алтыншы мәрте қатысуым. Ал, марафонға алғаш рет шықтым. Шаңғы тебу өзіме қатты ұнайды. Бос уақытымда достарыммен келіп, жиі шаңғы тебемін. Бұл жолы 10 шақырым қашықтықты еңсердім. Алдағы уақытта да мұндай жарыстарға тұрақты түрде қатыса беремін, – деді жас шаңғышы.

Қарқаралы жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Думан Бейсенаев V ашық шаңғы марафонының жалпы жүлде қоры 500 мың теңге болғанын баса айтты.

— Аталған марафонға арнайы эскиз бойынша жасалған медальдар табысталды. Осындай ерекше медальдардың дайындалуына демеушілік көрсеткен, өңір спортының дамуына әрдайым қолдау білдіріп жүрген жергілікті кәсіпкерлерге алғысымыз шексіз. Сондай-ақ, жеңімпаздарға демеушілік танытқан отандық «NATIGE» сүт фабрикасының басшылығына да зор ризашылығымызды білдіреміз. Жарыс қорытындысы бойынша үздік деп танылған спортшылар бағалы сыйлықтармен, ақшалай жүлдемен және арнайы әзірленген медальдармен марапатталды, – деді ол.

Іс-шараға тұрғындар мен спортшылар отбасыларымен келіп, жанкүйер ретінде қолдау көрсетті. Қатысушылар марапат иеленіп, мерекелік көңіл күймен тарқасты.

*Суреттер
ұйымдастырушылардан*

• ХОККЕЙ

Аймақ үздіктері анықталды

Абай ауданындағы «Жігер» стадионында шайбалы хоккейден аймақтық турнир өтті. Дәстүрлі дода ауданның хоккей спортының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Ф.Клят, А.Тарасов және М.Закиров сынды жаттықтырушылар мен ардагер-энтузиастарға арналған. Биылғы турнирге Абай ауданы мен Шахтинск қаласынан төрт команда қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Аталған турнир 2018 жылы алғаш рет жалауы желбіреген еді. Содан бері аталған спорт түріне қызығушылық танытқан жастардың саны артқан. Ал, биылғы турнир былтырғыға қарағанда тартысты өтті. Қатысушылар физикалық әрі тактикалық тұрғыда тыңғылықты дайындықпен келіп, жоғары нәтиже көрсетті.

— Турнирдің басты мақсаты – хоккей спортын дамытып, саламатты өмір салтын насихаттау. Одан бөлек, «Қарлы қыс-2026» облыстық қысқы спартакиада-сына дайындық. Бүгін мұз айдынында өнер көрсетіп жатқан Абай ауданының командасы – ау-

данаралық командалар арасындағы облыс чемпионы. Хоккейден біздің жігіттер ешкімге дес бермей келеді, – деді ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің спорт жөніндегі нұсқаушысы Ерасыл Борамбаев.

Ақтық кезеңге Топар мен Шахтинск командасы жолдама алды. Ойын басталысымен-ақ қос команда шабуылға лап қойған. Әуелі, шабуылды Шахтинск қаласының командасы ұйымдастырып, қақпаға соққы да бағаттаған еді. Қорғаныста да, шабуылда да қателікке бой алдырмай, нәтижесінде бір шайба салып үлгерді. Топар командасы да қарап қал-



мады. Ойын тізгінін өз қолына алып, қайта шабуылға шықты. Осылайша, топарлықтар таразы

басын теңестірген. Бірақ, Шахтинск қаласының командасы тағы да төрт шайба салып, есепті 5:1-ге

жеткізді. Нәтижесінде, Шахтинск клубы ауыспалы кубоктың иегері атанды.

— Біз Қарағанды мен Теміртаудың әуесқой хоккей лигасында ойнаймыз. Абай ауданының командасымен өткен ойын қыныға соқты. Біз ол кездесуді буллит сериясында өз пайдамызға шештік. Ал, финалда Топар командасын сенімді жеңдік. Өзім құрылыс саласында жұмыс істеймін. Командамызда кәсіпкерлер, жүргізушілер, шахтерлер мен түрлі сала өкілдері бар. Біз хоккейлі жақсы көреміз. Ұйымдастырушыларға алғысымызды айтамын, – деді Шахтинск қаласының команда капитаны Евгений Видергольд.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы сыйлықтармен марапатталды.

**Дарина САМЕН,
Е.Бокетов атындағы
ҚарҰЗУ IV курс студенті**

Суретті түсірген **Қ.Біләл**

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ІЛИЯШ		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 013 №15 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР	
---	--	---	--	--	--	---	--